



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Заемдар мен микрокредиттер бойынша ЖТСМ шекті мөлшеріне қатысты  
Ұлттық Банк пен ҚНРДА бірлескен қаулысын қабылдау туралы**

***Құжатта ЖТСМ-нің қолданыстағы шекті мөлшері қайта бекітілді***

Астана қ.

2026 жылғы 12 мамыр

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) мен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – ҚНРДА) биылғы 29 сәуірде «*Заемдар және микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерін айқындау туралы*» ҚҰБ пен ҚНРДА Басқармаларының бірлескен қаулысын (бұдан әрі – Бірлескен қаулы) қабылдады.

Бірлескен қаулы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 2026 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыруда заңнаманың жаңартылған нормаларына сәйкестендіру үшін қабылданды.

**Бірлескен қаулымен ЖТСМ-нің қолданыстағы шекті мөлшерлері:**

кепілсіз банктік қарыздар бойынша – 46%;

кепілмен қамтамасыз етілген банктік қарыздар бойынша – 35%;

ипотекалық тұрғын үй қарыздары – 25% (2026 жылғы 1 шілдеден бастап 20%);

МҚҰ беретін микрокредиттер бойынша – 46%;

күнтізбелік 45 күнге дейінгі мерзімге 45 АЕК-тен аспайтын мөлшерде МҚҰ беретін микрокредиттер бойынша – күніне 0,3%-дан кем, бірақ 179%-дан аспайтын мөлшерде **қайта бекітілді**.

Бірлескен қаулы 2026 жылғы 16 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Бірлескен қаулының толық мәтінімен ҚҰБ ресми [интернет-ресурсында](#) танысуға болады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)